



DEPARTMENT OF
POLITICAL SCIENCE

FOUNDED 1999

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Журналистика және саясаттану факультеті
Саясаттану кафедрасы

L.N. Gumilyov Eurasian National University
Faculty of Journalism and Political Science
Department of Political Science

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
Факультет журналистики и политологии
Кафедра политологии

**«ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН: ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН ПРОГРЕСКЕ 30
ЖЫЛ»**

XI-ші Халықаралық ғылыми-практикалық
конференция материалдары
9 сәуір 2021 ж.

**«INDEPENDENT KAZAKHSTAN: 30 YEARS OF STABILITY AND
PROGRESS»**

Proceedings of the XI-International Scientific and Practical Conference
on April 9, 2021

**«НЕЗАВИСИМЫЙ КАЗАХСТАН: 30 ЛЕТ СТАБИЛЬНОСТИ И
ПРОГРЕССА»**

Материалы XI-Международной
научно-практической конференции
9 апреля 2021 г.

Нұр-Сұлтан, 2021

УДК 327(063)
ББК 66.4 (0)
С 69

Редакционная коллегия:

К.полит. наук, ассоциированный проф. **М.К. Дюсембекова**, Казахстан
Кандидат политических наук, профессор **Е.Л. Нечаева**, Казахстан
Доктор политических наук, профессор **Е.В. Матвеева**, Россия
Кандидат политических наук, доцент **М.К.Тулбаева**, Казахстан
Магистр социальных наук, преподаватель **Н.Болатулы**, Казахстан

«Независимый Казахстан: 30 лет стабильности и прогресса».

Сборник материалов XI-Международной научно-практической конференции. (9 апреля 2021 г.) – Нур-Султан, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева.

ISBN 978-601-337-516-8

Сборник материалов международной научно-практической конференции содержит тезисы докладов преподавателей, докторантов PhD, магистрантов в области политических наук. Основная тематическая направленность дискуссионных вопросов отражает аспекты реализации социальной политики государства в условиях глобализации, актуальные проблемы политической науки.

В докладах сохранен авторский стиль. Материалы сборника предназначены для широкого круга научной и научно-педагогической общественности, могут быть использованы в теории и практике прикладной политологии и международных отношений.

Ответственность за аутентичность и точность цитат, имен, названий и иных сведений, а также за соблюдение закона об интеллектуальной собственности несут авторы публикаций.

ISBN 978-601-337-516-8

**© Кафедра политологии
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2021.**

«Тәуелсіз Қазақстан: тұрақтылық пен прогреске 30 жыл» атты XI-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы

Если говорить, о Казахстане, как показывает международные исследования в разрезе стран ОЭСР в Казахстане проблема неравенства в образовании и низких показателей учащихся состоит в разрыве между сельскими и городскими школами [10]. Таким образом, возможно представителям власти следует уделить большее внимание усилению качества образования в сельских школах, вместо увеличения школ для одаренных детей в городах.

Список литературы:

1. PISA Test <http://www.oecd.org/pisa/test/>
2. Gorard, S. (2010) Serious Doubts about School Effectiveness. British Educational Research Journal, 36 (5): 735–766.
3. Damon, C. (2007) Selective schools and academic achievement. Bonn: Institute for the Study of Labor (IZA).
4. Dickson, M. (2015) Social mobility: why does private school give you such a leg up? The Conversation. [online] Available from: <https://theconversation.com/social-mobility-why-does-private-school-give-you-such-a-leg-up-45739> (Accessed 7 January 2021)
5. Milburn, A. (2012). Fair Access to Professional Career. London: Independent Reviewer on Social Mobility and Child Poverty.
6. Social mobility: why does private school give you such a leg up? <https://theconversation.com/social-mobility-why-does-private-school-give-you-such-a-leg-up-45739>
7. Simon Burgess, Matt Dickson, and Lindsey Macmillan Do selective schooling systems increase inequality? Oxford Economic Papers, 72(1), 2020, 1–24
8. Smith, E. ed. (2018). Key Issues in Education and Social Justice, London: Sage.
9. Yakavets, N. (2014) Reforming society through education for gifted children: the case of Kazakhstan, Research Papers in Education, 29(5): 513-533
10. OECD (2018) Education policy outlook: Kazakhstan. [pdf] OECD. Available at: <http://www.oecd.org/education/Education-Policy-Outlook-Country-Profile-Kazakhstan-2018.pdf>(accessed 27 January 2021)

Куралбекова Г.А.

**Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан Республикасы
gauhar_07-2011@mail.ru**

**ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ
МӘСЕЛЕЛЕРІ: САЯСИ ТАЛДАУ**

Abstract. Now the problems and conditions of environmental safety occupy an important place in the world. In this regard, in order to solve environmental problems, our state is engaged in environmental education and environmental education. In the scientific article, the nature of the problem of environmental education in the East Kazakhstan region, which is one of the regions with a low environmental situation in the Republic, is determined and studied on a legislative basis. In particular, specialists in the field of Ecology in higher educational institutions of the East Kazakhstan region and the problems of environmental education in the secondary education system will be analyzed. In the article, improving environmental education is considered as one of the main tasks, and media monitoring is carried out to identify some issues of the environmental situation in the East Kazakhstan region. For the development of ecological culture, control over the culture of Asian and European countries is carried out. As a result of the study, ways to improve environmental education in the East Kazakhstan region are proposed. As an example, the achievements of the region in the field of environmental education and its implementation in the form of practice in order to form an

ecological culture are given. The importance of environmental education in the formation of ecological culture is emphasized.

Key words: Environmental education, environmental culture, environmental etiquette, nature protection, natural resource, economy, Forestry.

Кіріспе. Бүгінгі күні елімізде экологиялық мәселелер алаңдатушылық туғызуда. Себебі, ғылым мен техниканың дамыған заманында экономиканың дамуына көңіл бөлеміз деп, техникалық прогресстің экологиялық жағдайға қаншалықты зиян келтіретінін ұмытқандаймыз. Дегенмен, еліміздің ертеңі дені сау ұрпақ болғандықтан, мемлекет тарапынан экологиялық мәселелер қолға алынуда. Ата Заңымыздың 31-бабында айтылғандай: «Мемлекет адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғауды мақсат етіп қояды». Бұған біз халық болып өз үлесімізді қосуымыз керек. Яғни, қоғамдық жерде қоқыс тастамау, өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық көрсету, қоршаған ортаны аялау сияқты қарапайым жолмен өз септігімізді тигізу. Алайда, қоршаған ортаға теріс іс-әрекеттер арқылы зиянын тигізу қазіргі күні белең алуда. Осы мәселені шешу мақсатында басшылық экологиялық тәрбие мен экологиялық білім беру мәселесін қолға алған болатын.

Мақсаты мен міндеті. Қазақстан Республикасында экологиялық білім беруге байланысты қабылданған заңнамалар негізінде Шығыс Қазақстан облысы мысалында өңірдегі экологиялық білім саласына салыстырмалы, статистикалық талдауларды пайдалана отырып, негізгі мәселелерін талдау. Негізгі міндеттері:

- Шығыс Қазақстан облысындағы экологиялық білім беру саласын сипаттау және заңнамаларды негізге ала отырып талдау.

- Шығыс Қазақстан облысындағы экологиялық білімді жетілдіру мақсатында ұсыныстар көрсету.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2030» даму стратегиясында халыққа экологиялық білім беру мәселесіне айрықша назар аударылған. Соған сәйкес Білім және ғылым министрлігінің тапсырысы бойынша «Мектептерде оқушыларға білім беру» (1991), «Қазақстанда эколог мамандарды дайындау тұжырымдамасы» (1995), «Қазақстан Республикасында экологиялық білім мен тәрбие берудің ұлттық стратегиясы» (1998), «Экологиялық білім бағдарламасы» (1999) сияқты бірсыпыра құжаттар дайындалды. Экологиялық білім беруді ұйымдастыруды бүгінгі күннің маңызды мәселелер қатарына қою орынды жағдай. Оның негізгі объективті және субъективті себептері бар. Олар: [1, 248-253б.]

• туған өлкеміздің табиғаты мен оның табиғи ресурстарының ұзақ жылдар бойы орынсыз пайдалану нәтижесінде азаюы, ластануы және есепсіз сарқыла бастауы;

• республиканың көптеген аймақтарында экологиялық апатты жерлердің көбейе түсуі;

• өндіріс пен өнеркәсіп кешендерінің дамуы, полигондар зардаптары, жердің жарамсыздануы, адам денсаулығының нашарлауы;

• экологиялық білім, тәрбие және мәдениеттің қалыптасуы мен «тұрмыстық» қажеттілік пен «табиғатты пайдалану» арасындағы қарама-қайшылықтардың туындауы.

Бұл бастаманы мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев та қолдаған болатын. Үкіметтің кеңейтілген отырысында орта білім бағдарламасына өскелең ұрпаққа экологиялық білім беретін жаңа пән енгізуді тапсырды. Бұл бағдарлама қазіргі күні әлі дайыдық үстінде.

Шығыс Қазақстан облысындағы экологиялық білім беру. Шығыс Қазақстан облысы еліміздегі экологиялық жағдайы алаңдатушылық туғызатын аймақтар қатарында. Себебі, облыс ең индустриалды өңір және пайдалы кен орындарының көп болуы облыс экономикасының өсуіне жағдай жасайды. Түсті металлургия саласы облыстың өнеркәсіптік әлеуетінің шамамен 60%-ын құрайды. [2]

Шығыс Қазақстан облысының жоғары оқу орындарында экология саласының білікті кадрлары даярланады. 2020-2021 жылғы көрсеткіш бойынша облыста қоршаған орта мамандығы бойынша – 124, орман шаруашылығы бойынша – 257, су ресурстары және суды

«Тәуелсіз Қазақстан: тұрақтылық пен прогреске 30 жыл» атты XI-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы

пайдалану бойынша – 23 маман білім алуда [3, 38-40 б.]. Статистикалық деректер бойынша өңірде орман шаруашылығы бойынша көп маман білім алған. Дегенмен, облыстағы ірі және орта кәсіпорындарда осы сала бойынша мамандар тапшы. Егер, адам мамандықты өзі таңдап келмесе, мамандыққа қызығушылығы болмаса, болашақта ол салада жұмыс істеуі екіталай. Бұдан байқайтынымыз, экология саласында мамандар даярланғанымен, сол салада жұмыс істемеуі орман шаруашылығының дамуын баяулатады.

Республикамыздағы жалпы орман алқабының 44%-ы Шығыс Қазақстан облысына тиесілі. Алайда, осы байлықты күтіп баптауда кәсіби мамандар жетіспейді. Облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Мұрат Құсайынов: «Қазір өңір бойынша орман шаруашылығының 545 маманы керек. Тапшылық әсіресе Тарбағатай, Күршім, Үржар және Зайсан аудандарында байқалуда. Біз бұл бос орындарды шекарадағы аймақтарды дамыту бағдарламасы аясында толтыруды көздеп отырмыз», - дейді ол [4]. Мамандар жетіспеуінің себебі, жалақының аз болуы. Қазіргі жастар көбінесе жалақының жоғары болуына мән берді. Сол себепті, салада білікті мамандар жұмыс істесін десек, мемлекет тарапынан бұл мәселе қолға алуы керек.

Қоршаған ортаны қорғауды біз өзімізден бастауымыз керек. Ол экологиялық мәдениетті қалыптастыру арқылы жүзеге асады. Әлемдік тәжірибеде экологиялық мәдениет мектеп қабырғасынан бастау алады. Мысалы, Оңтүстік Кореяда балаларға сабаққа барып-қайту үшін арқасына сыпырғы мен қалақ байлап қояды екен. Жол жөнекей қоқыс көрсе тазалауға міндетті. Германияда қоқыс жәшіктерінің жанына бейнекамера қойып, ереже бұзғандарға айыппұл салынады. Францияда мектеп оқушылары экологиялық этикет пәнін оқиды [5]. Яғни, экологиялық мәдениет бала кезден қалыптасқан жөн.

Кейбір шетел мемлекеттерінде экологиялық білімді мектепке дейінгі жаста, яғни, балабақшадан бастап оқыту енгізілген. Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық білім берудің міндеттері: [6, 15 б.]

- қарапайым ғылыми экологиялық түсініктер жүйесін қалыптастыру;
- табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты дамыту;
- табиғат үшін және бала үшін экологиялық сауатты және қауіпсіз мінез-құлықтың бастапқы біліктері мен дағдыларын қалыптастыру;
- табиғат әлеміне және жалпы қоршаған әлемге гуманитарлық, эмоционалды-позитивті, ұқыпты, қамқор қарым-қатынасты тәрбиелеу;
- табиғи объектілер мен құбылыстарды бақылау біліктері мен дағдыларын қалыптастыру;
- құндылық бағдарларының бастапқы жүйесін қалыптастыру (өзін табиғаттың бөлігі ретінде қабылдау);
- табиғатқа қатысты мінез-құлықтың эленттік нормаларын игеру, табиғатты ұтымды пайдалану;

Елімізде экологиялық білім балабақшада жоқ. Дегенмен, қоршаған ортаға деген қамқорлықты отбасыдан бастасақ, табиғатты аялауға деген балада құндылықтар пайда болады. Бала ата-анаңның айнасы демекші, ата-ана қандай болса бала да сондай тәрбиені бойына қалыптастырады.

«Адамдарды еңбек етуге үйрету керек, оларға білім беру керек, бірақ мұның бәрі адам бойындағы адамгершілік араздықты жою үшін жеткіліксіз, - деп жазады Шәкәрім. Адамды тәрбиелеу процесінде ар-ождан ғылымын енгізу қажет. Ғалымдар бұны өз қолдарына алу керек. Олар бұл теорияны барлығына міндетті пән ретінде дамытуы керек. Ерте жастан бастап адамдарға зиянды құмарлықтарды жоюға көмектесетін жоғары әдептілік, өзін-өзі бағалау сезімін тәрбиелеу керек. Сонда ғана адам мен адамзаттың түзелуіне үміт артуға болады [7, 102 б.]. Шәкәрімнің Бұл сөздерінің дұрыстығы күмән тудырмайды, өйткені жалпы қоғам дағдарысы, атап айтқанда экологиялық дағдарыс адам дағдарысының негізгі себебі болып табылады. «Білім-бұл біздің мәдени әлеміміздің жаңа құрылымына апаратын көпір», өйткені осы көпір арқылы әрқайсысын өткізу арқылы адамда бір нәрсені өзгертуге болады [8, 192-193 б.]. Бұдан байқайтымыз, экологиялық мәдениетте

«Тәуелсіз Қазақстан: тұрақтылық пен прогреске 30 жыл» атты XI-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы

дамытуда экологиялық білім берудің маңызы зор. Сондықтан мамандыққа қызығушылық пайда болу үшін келесідегідей іс-әрекеттер жасалынуы керек:

- оқу барысында қоршаған орта туралы білімдерін ұдайы жетілдіріп отыру керек (семинар, конференциялық сабақтар, әңгімелеу, викторина, т.б.);
- шығармашылық ойлау қабілетін дамыту, адамның іс-әрекетінің табиғатқа әсерін, оның болашақтағы зардаптары туралы алдын ала білуге және болжауға тәрбиелеу (табиғаттағы өзгерістерге талдау жасай білу, салыстыру, себеп-салдарын анықтау, бағалау және болжау);
- іздену мен ғылыми-зерттеу жұмыстарының элементтерін меңгеру, экологиялық мәселелерді шешуде батыл әрі дұрыс шешім қабылдау және өз беттерінше білімін көтеру.
- жергілікті экологиялық проблемаларды шешуде практикалық іс-әрекетті дағдыландыру (экологиялық ұйым мен үйірмелер құру, табиғат ресурстарын жоспарсыз пайдалануға жол бермеу, экологиялық білімді үгіттеу – лекция, көгілдір экран, газет-журнал басылымдары, т.б. арқылы). [9, 108 б.]

Шығыс Қазақстан облысының экологиялық білім беруде жеткен жетістіктері де бар. Мысалы, Семейдегі №3 мектеп кешенінің ұжымы еліміздің экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Мырзағалиевтің алғыс хатымен марапатталған [10]. Ұстаздар қауымы бұл марапатқа кешенді экологиялық білім мен тәрбие берудегі қолға алынған «Жасыл мектеп» жобасы арқылы қол жеткізді. Мектеп экологиялық бағытта бес жыл бойы жұмыс істеп келеді. Ұстаздарың айтуынша, бұл бастама мектеп ауласынан басталған. Айтатын болсақ, суды үнемдеу тақырыбында мектеп маңында тамшылап суару жүйесі енгізілген. Сондай-ақ еріктілер топтары құрылып, жылына 200-ден астам акция ұйымдастырылған. Бұл жобаның мәні – ең алдымен қаланың экологиялық тазалығы. Яғни, біз, өзімізден ауланың, көшенің тазалығынан бастауымыз керек. Сонымен, Шығыс Қазақстан облысындағы экологиялық білім беру айтарлықтай төмен дәрежеде деп айтуға болады. Өңірде экология саласының мамандары даярланғанымен, сол салада жұмыс істейтін кадрлар жоқтың қасы. Бұл дегеніміз әр салада өз жұмысының маманы жұмыс істемесе, алға жылжу болмайды. Облыста экологиялық білім беру жағдайын жақсарту үшін: Біріншіден, жалпы, республикамыз бойынша үздіксіз экологиялық білім беру дамымаған. Яғни, экологиялық білімді балабақшадан бастап одан кейін орта білім беруде және жоғары оқу орындарында оқытуды дамыту.

Екіншіден, мектеп бітіруші түлектер арасында мамандықтың профориентациялық жұмыстарын жүргізу. Мамандыққа қызығушылықтың пайда болуы үшін неғұрлым қызықты жобалармен таныстырып, болашақта жұмыс істеу орындары жайлы ақпарат беру. Себебі, мектеп қабырғасын енді ғана бітіргелі отырған түлектер мұндай мамандық бар екенін де білмеуі мүмкін.

Үшіншіден, экология саласының мамандарына көптеп білім грантын бөлу. Оқу бітіргеннен кейін жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету. Егер, өңір бойынша сұранысқа ие мамандарды даярлауды қолға алынып барлық жағдайлар жасалса, ол тек саланың алға дамуына септігін тигізеді.

Төртіншіден, жоғары оқу орындарында экологиялық білім беруді практикалық жағынан дамыту. Ол дегеніміз, студенттерді өзінің саласын жақсы меңгеруі үшін жақсы мамандардың тәжірибесінен өтуі. Экологиялық білім мен тәрбие беру

негізінде жеке адам мен қоғамның табиғатқа деген оң көзқарасын, экологиялық мәдениетін қалыптастыра аламыз. Сол арқылы еліміздегі шаруашылық салаларының әлеуметтік және экономикалық мәселелерін шешуге көмектесеміз. Экологиялық және табиғатты қорғау заңдарын жетілдіру және оларды бұлжытпай орындау, табиғи ресурстарды тиімді пайдалануда жауапкершілікті күшейту, қоршаған ортаның табиғаты мен адам денсаулығының үйлесімдігін арттыру, үздіксіз экологиялық білім беруді қалыптастыру, елдегі экономикалық жағдайлар жайлы мәліметтердің халыққа жетуін қамтамасыз ету, т.б осы саладағы негізгі міндеттер

қатарына жатады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Бейсенова Ә.С. «Қазақ елінің экологиялық ахуалы»: монография. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2018. – 248-253 бет.
2. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы <https://stat.gov.kz>
3. Шығыс Қазақстан облысының жоғары оқу орындары. Білім беру статистикасы. 22-серия. – 38-40 бет.
4. Ресми сайт https://www.inform.kz/kz/shygys-kazakstanda-orman-sharuashylygy-salasynda-545-maman-zhetispeydi_a3615945
5. Баспасөз орталығы <https://recycle.kz>
6. Черезова Л.Б. Теория и методика экологического образования детей: учеб. пособие. – Волгоград: Изд-во ВГПУ «Перемена», 2010. – 15 с.
7. Шакарим. Записки забытого. – Алматы: Ел, 1993. – 102 с.
8. Розов Н.С. Структура цивилизации и тенденции мирового развития. Новосибирск. 1992. – 192–193 с.
9. Бейсенова Ә.С. «Экология – ел тағдыры». Эколог мамандарға, магистранттарға арналған оқу құралы, - Алматы: «Мектеп» баспасы, 2006. – 108 бет.
10. Семей қаласының білім бөлімі <https://www.bilim-semey.gov.kz/blogs/view/1/1247>

Қабылбай А.Б.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр Сұлтан қаласы, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекші - Қаленова Т.С., т.ғ.к., доцент
bota.kabylbay@mail.ru

АЛАШ ИДЕЯСЫ МЕН ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН БІЛІМ САЯСАТЫНЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

Abstract. The article presents an idea of the Alash of the 20th century and its continuity in the modern educational policy of the Republic of Kazakhstan. Various programs, scientific research are offered. Conclusions are made based on the analysis of education systems during the twentieth century and after the independence of Kazakhstan. Comparison of educational reforms of the Alash party and Kazakhstan. Particular attention is paid to the relationship of educational processes in Kazakhstan and its mindset.

Key words: idea of Alash, intelligentsia, education

Мемлекеттің дамуында үлкен рөл атқаратын салалардың бірі білім саласы. ХХІ ғасырда білім мемлекет пен қоғам дамуының стратегиялық ресурсы болып табылады. Қазіргі Қазақстан Республикасының білім беру саясатының даму сатысында бірқатар реформалар мен өзгерістер жүргізіліп, жүзеге асырылуда. Қазақ халқының білім саясаты Алаш зиялыларының «Алаш идеясынан» бастау алады.

«Алаш идеясы» – ХХ ғасырдағы қазақ халқының азаматтық тарихындағы ұлттық идея. Алаш идеясының негізін қалаушы қазақ зиялылары: Әлихан Бөкейхан, Мұстафа Шоқай, Барлыбек Сырттан, Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедұлы, Жаһанша Досмұхамедұлы, Міржақып Дулатұлы, Халел Ғаббасұлы, Мұхамеджан Тынышбайұлы және т.б.

Алаш интеллигенциясымен қазақ халқының дамуы мен өркендеуі үшін көп жұмыстар жүмыстар жасалынып, үлкен нәтижелерге жетті деп есептеуге болады. Халықтың білім деңгейін көтеру үшін «Қазақ» газетіне мақалалар жарияланып, кітап журналдар шығарылып